

**РЕШЕНИЕ ЕДИНСТВЕННОГО АКЦИОНЕРА
акционерного общества «Казахстанский фонд устойчивости»**

г. Нур-Султан

№ 22

28 октября 2020 года

**Об увеличении количества объявленных акций
акционерного общества «Казахстанский фонд устойчивости»**

В соответствии с подпунктом 3) пункта 1 статьи 36 Закона Республики Казахстан от 13 мая 2003 года «Об акционерных обществах», подпунктом 4) пункта 44 Устава акционерного общества «Казахстанский фонд устойчивости» (далее – Общество), на основании постановления Правления Национального Банка Республики Казахстан от 27 октября 2020 года № 127 «О некоторых вопросах акционерного общества «Казахстанский фонд устойчивости» Единственный акционер, в лице заместителя Председателя Национального Банка Республики Казахстан Баймагамбетова А.М., действующего на основании приказа Председателя Национального Банка Республики Казахстан от 29 июня 2020 года № 185 «О делегировании полномочий по правам акционера», **РЕШИЛ:**

1. Увеличить количество объявленных акций Общества на 20 000 000 (двадцать миллионов) штук простых акций.

В результате увеличения объявленных акций Общества общее количество простых акций Общества составит 486 797 218 (четыреста восемьдесят шесть миллионов семьсот девяносто семь тысяч двести восемнадцать) штук.

2. Председателю Правления Общества Оспанову Е.С. в установленном законодательством Республики Казахстан порядке осуществить мероприятия, связанные с государственной регистрацией изменения в проспект выпуска объявленных акций и их размещением в пределах объявленного количества акций.

3. Настоящее решение вступает в силу со дня его подписания.

**Заместитель Председателя
Национального Банка
Республики Казахстан**



А. Баймагамбетов

**«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамы
ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРІНІҢ ШЕШІМІ**

Нұр-Сұлтан қ.

2020 жылғы 28 қазан

№ 22

**«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының
жарияланған акцияларының санын ұлғайту туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына, «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Жарғысы 44-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 27 қазандағы №127 қаулысының негізінде, «Акционердің құқықтары бойынша өкілеттіктерді беру туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының 2020 жылғы 29 маусымдағы №185 бұйрығының негізінде іс-қимыл жасайтын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.М. Баймағамбетов арқылы Жалғыз акционер, **ШЕШТІ:**

1. Қоғамның жарияланған акцияларының саны 20 000 000 (жиырма миллион) дана жай акцияларға ұлғайтылсын.

Қоғамның жарияланған акцияларының ұлғаюы нәтижесінде Қоғамның жай акцияларының жалпы саны 486 797 218 (төрт жүз сексен алты миллион жеті жүз тоқсан жеті мың екі жүз он сегіз) дана болады.

2. Қоғамның Басқарма Төрағасы Е.С. Оспановқа Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жарияланған акциялардың шығарылымы проспектісіне өзгерісті мемлекеттік тіркеуге және оларды жарияланған акциялар санының шегінде орналастыруға байланысты іс-шараларды жүзеге асырсын.

3. Осы шешім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Төрағасының
орынбасары**



А. Баймағамбетов